

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау  
министрлігі

2025 жылғы 6 ақпан  
№ 49  
Астана қаласы



Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту  
министрлігі

2025 жылғы 20 ақпан  
№ 29  
Астана қаласы

**«Суицидтік мінез-құлық белгілері бар кәмелетке толмағандарды анықтаудың және олармен әрі қарай жұмыс істеудің бірыңғай алгоритмін, сондай-ақ суицидке әрекет жасаған балаға көмек көрсету бойынша мемлекеттік органдардың іс-қимыл алгоритмін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 2 шілдедегі № 419 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 4 шілдедегі № 170 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бірлескен бұйрық**

**БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. «Суицидтік мінез-құлық белгілері бар кәмелетке толмағандарды анықтаудың және олармен әрі қарай жұмыс істеудің бірыңғай алгоритмін, сондай-ақ суицидке әрекет жасаған балаға көмек көрсету бойынша мемлекеттік органдардың іс-қимыл алгоритмін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 2 шілдедегі № 419 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 4 шілдедегі № 170 бірлескен бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшада:

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу жөніндегі жұмыс шеңберінде:

1) суицидтің алдын алу мәселелері бойынша денсаулық сақтау ұйымдары мамандарының (дәрігерлер, орта медицина жұмыскерлері, психологтар) біліктілігін үнемі арттыруды қамтамасыз етеді;

2) аумақтық белгісі бойынша білім беру ұйымына МСАК дәрігерін және аумақтық белгісі бойынша МСАК ұйымдарына психиатр дәрігерді бекітеді;

3) суицидтің алдын алу жөніндегі жұмысты үйлестіруге жауапты адамды (орынбасар деңгейінен төмен емес) айқындайды.».

мынадай мазмұндағы 18-1-тармақпен толықтырылсын:

«18-1. Аумағында жалпы орта және/немесе техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы орналасқан МСАК ұйымының басшысы мыналарды жүзеге асырады:

- 1) әрбір ұйымға ЖПД бекіту;
- 2) суицидтік мінез-құлық белгілері бар кәмелетке толмағандарды қабылдауға басымдық беруді қамтамасыз ету.»;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Өңірдің психикалық денсаулық орталығының (бұдан әрі – ПДО) басшысы:

аумақтық қағидат бойынша МСАК ұйымдарына психиатр дәрігерді бекітуді қамтамасыз етеді;

маманның 1-2 ставкасын бөле отырып, ЖБ ашуды ұйымдастырады.»;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Денсаулық сақтау ұйымының жауапты тұлғасы кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу жөніндегі жұмыс шеңберінде мыналарды жүзеге асырады:

1) мамандардың кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу жөніндегі қызметін үйлестіру;

2) мүдделі жергілікті мемлекеттік басқару органдарымен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

3) осы Алгоритмге 3-қосымшаға сәйкес бекітілген нысандар бойынша ақпаратты ЖБ-ға беру;

4) ай сайын осы Алгоритмге 3-қосымшаға сәйкес 9-12 есептік нысандарды өңірдің және республиканың бас штаттан тыс суицидологына беруді ұйымдастыру.».

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«21. ЖБ маманы кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу жөніндегі жұмыс шеңберінде мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) суицидтің алдын алу мәселелері бойынша мүдделі жергілікті мемлекеттік басқару органдарымен және білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, ішкі істер ұйымдарымен өзара іс-қимыл жүргізеді;

2) мамандарды суицидтің алдын алу бойынша оқытуға өтінім қалыптастырады және оларды оқытуды жүзеге асыратын ұйымдарға жібереді;

3) осы Алгоритмге 3-қосымшаға сәйкес 5-нысан бойынша қабылданған шаралардың ұзақтығын, уақтылығын, тиімділігін көрсете отырып, суицид жағдайының немесе суицид жасау әрекетінің уақыты, күні, медициналық көмек көрсету туралы ақпаратты электрондық журналда тіркейді;

4) осы Алгоритмге 3-қосымшаға сәйкес 9-12 есептік нысандарды денсаулық сақтау ұйымының жауапты маманына ай сайын ұсынады.»;

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23. ЖПД өз бетінше жүгінген немесе басқа мамандар жіберген суицидтік мінез-құлқы бар кәмелетке толмағанды анықтаған кезде мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) суицидтік мінез-құлық қаупін бағалауды жүргізуге және қажет болған жағдайда одан кейін ЖБ-ға ақпарат беру үшін:

егер кәмелетке толмаған адам 16 жасқа толмаған болса, заңды өкілдерден; егер 16 жастан асса, кәмелетке толмаған адамның өзінен рұқсат алады.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 137-тармағында көрсетілген пациенттің келісімінсіз зерттеп-қарауды жүргізуден бас тартса және көрсетілімдер болмаған жағдайда осы Алгоритмнің 21-тармағының 3) тармақшасының әрекеттерімен шектеледі;

2) осы Алгоритмге 4-қосымшаға сәйкес суицид жасау тәуекелін бағалауды жүргізеді;

3) суицид жасаудың жоғарғы тәуекелі анықталған жағдайда психиатр дәрігерге консультацияға жібереді;

4) кәмелетке толмағанмен (16 жастан асқан) және/немесе оның заңды өкілдерімен бірлесіп, осы Алгоритмге 5-қосымшаға сәйкес Байқау және емдеу жоспарын (қауіпті ескере отырып) әзірлейді;

5) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілер тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі - №175 бұйрық) сәйкес тиісті медициналық құжаттаманы ресімдейді;

6) осы жағдай туралы өз ұйымының жауапты тұлғасына хабарлайды және осы Алгоритмге 3-қосымшаға сәйкес толтырылған 3-нысанды ұсынады;

7) ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдердің психиатр дәрігердің көмегіне жүгінгені туралы келісу болған кезде психиатр дәрігермен және заңды өкілмен (өкілдермен) консультацияның күні мен уақытын келіседі және басшысын хабардар етеді;

8) кәмелетке толмағанның жай-күйін нақтылау және ұсынымдарды орындау үшін онымен үнемі (кәмелетке толмаған баланың жай-күйіне байланысты) байланыста болады;

9) Психологиялық қолдау орталығына жүгінуді ұсынады.»;

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Денсаулық сақтау ұйымының психиатр дәрігері өз бетінше жүгінген немесе басқа мамандар жолдаған суицидтік мінез-құлқы бар кәмелетке толмағанды анықтаған кезде мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) суицидтік мінез-құлық қаупін бағалауды жүргізуге және қажет болған жағдайда одан кейін ЖБ-ға ақпарат беру үшін:

егер кәмелетке толмаған адам 16 жасқа толмаған болса, заңды өкілдерден; егер 16 жастан асса, кәмелетке толмаған адамның өзінен рұқсат алады.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 137-тармағында көрсетілген пациенттің келісімінсіз зерттеп-қарауды жүргізуден бас тартса және көрсетілімдер болмаған кезде осы Алгоритмнің 21-тармағының 3) тармақшасының әрекеттерімен шектеледі;

2) Осы Алгоритмге 4-қосымшаға сәйкес суицид жасау қаупін бағалауды жүргізеді;

3) суицид жасау қаупі анықталған жағдайда кәмелетке толмағанмен (16 жастан асқан) және/немесе оның заңды өкілдерімен бірлесіп, осы Алгоритмге 5-қосымшаға сәйкес байқау және емдеу жоспарын (қауіпті ескере отырып) әзірлейді;

4) тиісті медициналық құжаттаманы ресімдейді (№175 бұйрық);

5) суицид оқиғасы және қабылданған шаралар туралы ЖБ-ға және өзінің медициналық ұйымының жауапты тұлғасына хабарлайды және осы Алгоритмге 3-қосымшаға сәйкес толтырылған 4-нысанды ұсынады;

6) Психологиялық қолдау орталығына жүгінуді ұсынады.»;

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«26. Денсаулық сақтау ұйымының психологы өз бетінше жүгінген немесе басқа мамандар жіберген суицидтік мінез-құлқы бар кәмелетке толмағанды анықтаған кезде мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) ойын, мінез-құлқын және эмоцияларын түзету бойынша жұмысты жүргізуге және қажет болған жағдайда кейіннен кәмелетке толмаған адам туралы ақпаратты ЖБ-ға беру үшін:

егер кәмелетке толмаған адам 16 жасқа толмаған болса, заңды өкілдерден; егер 16 жастан асса, кәмелетке толмаған адамның өзінен рұқсат алады.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 137-тармағында көрсетілген пациенттің келісімінсіз зерттеп-қарауды жүргізуден бас тартса және көрсетілімдердің бар екенін анықтаған дәрігердің алдын ала қарап-тексеруі болмаған кезде осы Алгоритмнің 22-тармағының 3) тармақшасының әрекеттерімен шектеледі;

2) кәмелетке толмаған адамға қатысты сөзсіз құрметке, эмпатияға, шынайылыққа және қандай да бір қысымға жол бермеуге негізделген кәмелетке толмаған адамның психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдайды;

3) ойын, мінез-құлқын және эмоцияларын түзету жұмысын жүргізеді;

4) түзету бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижесін бағалайды (ағымдағы жай-күйі, суицидтік мінез-құлқылққа қатынасы, болашаққа жоспарлары);

5) анықталған жағдай туралы ЖБ-ға хабарлайды және осы Алгоритмге 3-қосымшаға сәйкес толтырылған 2-нысанды ұсынады;

6) суицид әрекетінің жағдайларын журналда тіркейді;

7) қажет болған жағдайда ЖПЗ немесе психиатр дәрігердің консультациясына қайта жіберу үшін шаралар қабылдайды;

8) Психологиялық қолдау орталығына жүгінуді ұсынады.»;

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«30. Білім беру ұйымының басшысы кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу жөніндегі жұмыс шеңберінде мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу жөніндегі іс-шараларды тәрбие жұмысының жыл сайынғы жоспарларына енгізеді;

2) орынбасардан (білім беру органдары басшыларынан) төмен емес жауапты адамды айқындайды;

3) білім беру ұйымдарының педагогтері мен қызметкерлері үшін, мектептерде 5-11 сынып оқушыларының ата-аналары үшін, мектептердің 5-11 сынып оқушылары және колледждердің 1-2 курс білім алушылары үшін жыл сайынғы ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын өткізуді қамтамасыз етеді;

4) педагогтерге суицидтік мінез-құлық қаупі бар балалармен жұмыс мәселелері бойынша біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді:

педагогтер: суицидтің сыртқы белгілерін зерделеу және эмоционалды қолдау көрсету мәселелері бойынша (кемінде 3 сағат);

педагог-психолог: кәмелетке толмағандар арасындағы психикалық денсаулық және суицидтің алдын алу мәселелері бойынша (бірінші мамандануы кемінде 72 сағат, одан кейінгілері жыл сайын кемінде 6 сағат);

5) суицидтің сыртқы белгілері анықталған балаларға олардың ата-аналарының және/немесе өзге де заңды өкілдерінің келісімімен педагог-психологтың консультациясын жүргізуді қамтамасыз етеді;

6) ЖБ-мен өзара іс-қимылды және қажетті құжаттама жүргізуді қамтамасыз етеді;

7) суицидтік мінез-құлқы бар кәмелетке толмағанды анықтау туралы ақпарат алғаннан кейін мыналарды қамтамасыз етеді:

түзету жұмысын көрсету;

ЖБ-ға хабарлама жіберу;

қабылданатын шаралар туралы ақпарат алу және дағдарыстық жағдайдан шығу үшін ұсыныстарды айту мақсатында кәмелетке толмағанның ата-анасымен немесе өзге де заңды өкілдерімен кездесу өткізу;

8) ата-аналар және/немесе өзге де заңды өкілдері денсаулық сақтау мамандарына жүгінуден бас тартқан кезде қорғаншылық және қамқоршылық органдарына хабарлайды.»;

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Білім беру ұйымының жауапты тұлғасы кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу жөніндегі жұмыс шеңберінде мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) білім беру ұйымы мамандарының кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу жөніндегі қызметін үйлестіру;

2) мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

3) осы Алгоритмге 3-қосымшаның 1 және/немесе 2-нысандарына сәйкес ЖБ-ға ақпарат беру;

4) қажетті құжаттаманы «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына және осы Алгоритмге 3-қосымшадағы 2-нысанға сәйкес жүргізуді қамтамасыз ету.»;

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«33. Педагог-психолог өз бетінше жүгінген немесе жолдамамен келген суицидтік мінез-құлқы бар кәмелетке толмағанды анықтаған кезде және/немесе психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кезінде мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) кәмелетке толмағанға қатысты сөзсіз құрметке, эмпатияға, шынайылыққа және қандай да бір қысымға жол бермеуге негізделген терапиялық альянсты қолдау арқылы кәмелетке толмаған адамның психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдайды;

2) психикалық түзету жұмысын, оның ішінде ЖПД немесе психиатр дәрігердің (бар болса) және/немесе Психологиялық қолдау орталығы психологының ұсынымын ескере отырып жүргізеді;

3) білім беру ұйымының жауапты тұлғасына анықталған жағдай туралы хабарлайды және оған осы Алгоритмге 3-қосымшаға сәйкес толтырылған 2-нысанды ұсынады;

4) «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес педагог-психологтардың консультацияларын есепке алу журналында жағдайды тіркейді;

5) ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге түсіндірме жүргізеді және кәмелетке толмағанға және оның заңды өкілдеріне осы консультацияның қажеттілігі туралы толық ақпарат бере отырып, аумақтық денсаулық сақтау ұйымына жүгінуді ұсынады;

6) кәмелетке толмағанмен, оның ата-анасымен немесе өзге де заңды өкілдерімен бірлесіп, денсаулық сақтау мамандарына жүгінуді қоса алғанда, дағдарыстық жай-күйді еңсеру жөніндегі іс-қимыл жоспарын (алгоритм, ұсынымдар) және жай-күйі нашарлаған кездегі іс-қимыл жоспарын әзірлейді;

7) ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер денсаулық сақтау мамандарының көмегіне жүгінуден бас тартқан кезде өзінің басшысын және Психологиялық қолдау орталығының басшысын хабардар етеді;

8) ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің денсаулық сақтау мамандарының көмегіне жүгінуді туралы келісуі болған кезде ЖПД-мен және заңды өкілімен (өкілдерімен) консультацияның күні мен уақытын келіседі және өзінің басшысын хабардар етеді;

9) оның жай-күйін нақтылау және ұсынымдарды орындау үшін кәмелетке толмаған баламен және/немесе оның заңды өкілдерімен үнемі (кәмелетке толмаған баланың жай-күйіне байланысты) байланыста болады;

10) кәмелетке толмағанмен консультациялық, психикалық түзету жұмысын ұйымдастыру кезінде Психологиялық қолдау орталығымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады, сүйемелдеудің нәтижелері мен динамикасы туралы ақпаратты жүйелі түрде жеткізеді.»;

бірлескен бұйрыққа 3-қосымша бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Жоғарыда көрсетілген бірлескен бұйрыққа 4-қосымшада:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Суицид жасаудың тәуекел дәрежесін анықтау тәуекел факторларының арақатынасы негізінде жүзеге асырылады және:

1) төтенше тәуекел – суицидтік ойлар немесе басқа да бірінші және (немесе) екінші және үшінші қауіп факторларымен бірге жүретін әрекеттер болған кезде белгіленеді;

2) орташа тәуекел – суицидтік ойларды немесе екінші және үшінші қауіп факторларымен бірге жүретін әрекеттерді қоспағанда, бір немесе бірнеше бірінші қауіп факторлары болған кезде белгіленеді;

3) төмен тәуекел – екінші және (немесе) үшінші қауіп факторлары болған кезде, бірінші қауіп факторлары болмаған кезде белгіленеді.

Кәмелетке толмағанда суицид жасау қаупінің болуы психиатр дәрігердің консультация өткізуін ұсынуға негіз болып табылады.»;

көрсетілген бірлескен бұйрыққа 2-қосымшада:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік денсаулық сақтау органдары суицид әрекетін жасаған балаға көмек көрсету бойынша мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) суицидтік мінез-құлық белгілері бар кәмелетке толмағандарды анықтаудың және олармен одан әрі жұмыс істеудің бірыңғай алгоритмінің 17, 28-тармақтарының орындалуын үйлестіру және бақылау;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттелетін өзге де шараларды қабылдау.

3. Білім беру органдары суицид әрекетін жасаған балаға көмек көрсету бойынша мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) Суицидтік мінез-құлық белгілері бар кәмелетке толмағандарды анықтаудың және олармен одан әрі жұмыс істеудің бірыңғай алгоритмінің 29, 35-тармақтарының орындалуын үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттелетін өзге де шараларды қабылдау.».

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, Оқу-ағарту министрліктері осы бірлескен бұйрықты аумақтық бөлімшелердің, ведомстволық бағынысты ұйымдардың және жергілікті атқарушы органдардың назарына жеткізсін.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, Оқу-ағарту министрліктері осы бірлескен бұйрықты өз мемлекеттік органдарының интернет-ресурстарында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, Оқу-ағарту вице-министрлеріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық мемлекеттік органдар басшыларының соңғысы қол қойғаннан кейін 10 күн өткен соң күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі



А. Әлназарова

Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту министрі



Ғ. Бейсембаев

Бірлескен бұйрыққа  
1-қосымша

Суицидтік мінез-құлқық белгілері бар кемелетке толмаған  
адамдарды анықтаудың және олармен одан әрі  
жұмыс істеудің бірыңғай алгоритміне  
3-қосымша

### ЖБ-ға жіберілетін нысандар

1-нысан. Кемелетке толмаған адамның суицидтік мінез-құлқының сыртқы белгілерін анықтаған маманның (КТСМСБАМ) акпараты

р/с №	Кемелетке толмаған бала туралы акпарат						Кемелетке толмаған баланың суицидтік мінез-құлқының сыртқы белгілерін анықтаған маманның ТАӘ		Кемелетке толмаған баланың суицидтік мінез-құлқының сыртқы белгілерін анықтаған маманның ұйымы		ескертуге
	ТАӘ Литераны (бар болса) көрсете отырып, сынып (топ)	туған күні	тұрғылықты мекенжайы елді мекен, көше	білім беру ұйымы	Бекітілген ұйым (медициналық-санитариялық алғашқы көмек)	Кемелетке толмаған баланың суицидтік мінез-құлқының сыртқы белгілерін анықтаған маманның ТАӘ	Кемелетке толмаған баланың суицидтік мінез-құлқының сыртқы белгілерін анықтаған маманның ұйымы	анықтау күні	анықтау уақыты		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	

### 2-нысан. Психолог акпараты

р/с №	Кемелетке толмаған бала туралы акпарат						Психологтың ТАӘ		Психологтың ұйымы		анықтау		Көмек	қанша уақыт өткенде көмек алды (сағ.)
	ТАӘ Литераны (бар болса) көрсете отырып, сынып (топ)	туған күні	тұрғылықты мекенжайы елді мекен, көше	білім беру ұйымы	Бекітілген ұйым (медициналық-санитариялық алғашқы көмек)	Кемелетке толмаған баланың суицидтік мінез-құлқының сыртқы белгілерін анықтаған маманның ТАӘ	Кемелетке толмаған баланың суицидтік мінез-құлқының сыртқы белгілерін анықтаған маманның ұйымы	анықтау күні	анықтау уақыты	көмек күні	көмек уақыты			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13		

## 2-нысан. Психолог ақпаратты (жалғасы)

Көмек	Нәтиже				Ұсынымдар				Ескертпе	
	жақсару	суицидтік күйзелістердің эмоционалды қанықтылығының төмендеуі	нашарлау (педагог-психологтар үшін – жоғары педагогикалық назар аударуды қажет ететін топқа ауысу)	Жалпы практика	Жалпы практика	Жалпы практика	психиатрға жүгінудің	психиатрға жүгінудің		
түзету	өзгеріссіз									
14	15	16	17	18	19	20	21			

## 3-нысан. ЖПД ақпаратты

р/с №	Кәмететке толмаған баға туралы ақпарат					Бекітілген ұйым (медициналық-санитариялық алғашқы көмек)	Жалпы практика дәрігерінің ТАӘ	Жалпы практика дәрігерінің ұйымы	күні	уақыты	күні	уақыты	канша уақыт өткенде көмек алды (сағ.)
	ТАӘ Литераны (бар болса) көрсете отырып, сынып (топ)	туған күні	тұрғылықты мекенжайы елді мекен, көше	Білім беру ұйымы	Білім беру ұйымы								
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	

## 3-нысан. ЖПД ақпаратты (жалғасы)

психикалық Білім беру	Көмек				Нәтиже				Ұсынымдар				Ескертпе
	жоғары	орташа	төмен	кауіп жок	өзгеріссіз	жақсару	нашарлау	қайта келу	психологқа жүгінудің	психиатрға жүгінудің	психиатрға жүгінудің		
14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	



## 5-нысан (жалтпасы)

психикалык түзөтү	көмөк				натийже		Ұсынымдар		Ескертпе								
	кауіп диагностикасы	жоғары	орташа	төмөн	жақсару	нашарлау	кайтп келу	ЖПД-ге жүгінү									
18	19	20	21	22	өзгеріссіз	суицидтік күйзелістердің эмоционалды қанықтылығының төмендеуі	басқа қауіп тобына ауысу	нашарлау (басқа қауіп тобына ауысу)	кайтп келу (күні / уақытты)	23 19	24 20	25 21	26 22	27 23	28 24	29 25	30 26

## 5-нысан (жалтпасы)

ЖПД ТАӘ	жалпы практика жөрігерінің ұйымы	анықтау		көмөк		қанша уақыт өткенде көмөк алды (сағ.)
		күні	уақыты	күні	уақыты	
31	32	33	34	35	36	37

## 5-нысан (жалтпасы)

психикалык білім беру	көмөк				натийже		Ұсынымдар		Ескертпе								
	кауіп диагностикасы	жоғары	орташа	төмөн	өзгеріссіз	жақсару	нашарлау	кайтп келу									
38	39	40	41	42	өзгеріссіз	суицидтік күйзелістердің эмоционалды қанықтылығының төмендеуі	басқа қауіп тобына ауысу	нашарлау (басқа қауіп тобына ауысу)	кайтп келу (күні / уақытты)	43	44	45	46	47	48	49	50

## 5-нысан (жалтпасы)

Психиатрдың ТАӘ	Психиатрдың ұйымы	анықтау		көмөк		қанша уақыт өткенде көмөк алды (сағ.)
		күні	уақыты	күні	уақыты	
51	52	53	54	55	56	57

## 5-нысан (жалғасы)

психикалық білім беру	көмек			нәтиже		ұсынымдар			Ескертпе				
	жоғары	орташа	төмен	жақсару	нашарлау	қайта келу	психологқа жүгіну	жалпы практика дерігеріне жүгіну					
				сұицидтік күйзелістердің эмоционалды қанықтылығының төмендеуі	басқа қауіп тобына ауысу	(басқа қауіп тобына ауысу)	психологқа жүгіну	жалпы практика дерігеріне жүгіну					
58	59	60	61	62	63	64	65	66	67	68	69	70	71

**6-нысан (ай сайын).** Суицидтің сыртқы белгілерін зерделеу және эмоционалдык қолдау көрсету мәселелері бойынша оқудан өткен білім беру мамандарының (педагогтердің) (3 сағат) және психологтардың (72 сағат) саны бойынша ЖБ-ға білім беру ұйымының есебі (келесі айдың бесінші күнінен кешіктірілмей беріледі)

Білім беру ұйымы	Жыл	Ай	Мамандардың жалпы саны			Оқытылған мамандар саны			Оқыту ұйымы	Ескертпе
			педагогтер	психологтар	педагогтер	психологтар				
1	2	3	4	5	6	7	8	9		

**7-нысан (ай сайын).** Кемелетке толмаған балалар арасында суицидтің алдын алу мәселелері бойынша оқудан (60 сағат) өткен мамандардың саны бойынша ЖБ-ға денсаулық сақтау ұйымының есебі (келесі айдың бесінші күнінен кешіктірілмей беріледі)

Денсаулық сақтау ұйымы	Жыл	Ай	Мамандардың жалпы саны			Оқытылған мамандар саны			Оқыту ұйымы	Ескертпе
			психиатрлар	ЖПД	психологтар	психиатрлар	ЖПД	психологтар		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

**8-нысан (ай сайын).** Суицидтің сыртқы белгілерін зерделеу және эмоционалдык қолдау көрсету мәселелері бойынша оқудан (3 сағат) өткен мамандардың саны бойынша ЖБ-ға денсаулық сақтау ұйымының есебі (келесі айдың бесінші күнінен кешіктірілмей беріледі)

Денсаулық сақтау ұйымы	Жыл	Ай	Мамандардың жалпы саны					Оқыту ұйымы	Ескертпе
			дәрігерлер	мейіргерлер	дәрігерлер	мейіргерлер	Оқытылған мамандар саны		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	

**9-нысан. (ай сайын). Суицидтік мінез-құлқы анықталған кемелетке толмаған балалардың саны және оларға көрсетілген көмек бойынша ЖБ есебі (келесі айдың алтыншы күнінен кешіктірілмей беріледі)**

өңір/жылдай	Суицидтік мінез-құлқы бар, ЖБ мамандары анықтаған және берген кемелетке толмаған балалардың саны						денсаулық сақтау мамандарына жіберілген кемелетке толмаған балалар саны (5-бағаннан)	денсаулық сақтау маманына жеткен кемелетке толмаған балалардың саны (10-бағаннан)		
	білім беру			денсаулық сақтау						
	«вахтерлері»	психологтар	«вахтерлері»	психологтар	ЖПД	психиатрлар				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

**9-нысан (жалғасы)**

Мамандардың көмек көрсеткен орташа уақыты (сағат)			Мамандар көрсеткен көмектің нәтижелері												
білім беру	денсаулық сақтау		білім беру					денсаулық сақтау							
	психологтар	ЖПД	психиатрлар	өзг-сіз	жақс. нашар.	өзг-сіз	жақс. нашар.	өзг-сіз	жақс. нашар.	өзг-сіз	жақс. нашар.	өзг-сіз	жақс. нашар.		
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27

**10-нысан (ай сайын). Суицидтің сыртқы белгілерін зерттеу және эмоционалды қолдау көрсету мәселелері бойынша оқудан өткен білім беру мамандарының (педагогтердің) (3 сағат) және**

психологтардың (72 сағат) саны бойынша ЖБ есебі (келесі айдың алтыншы күнінен кешіктірілмей беріледі)

Өңір Жыл Ай	Кәметке толмаған бағаларды оқытатын білім беру ұйымдарының саны				Мамандардың жалпы саны		Оқытылған мамандар саны		Оқыту ұйымы	Оқыту қажет		Ескертпе
	калада	ауылда	педагогтар	психологтар	педагогтар	психологтар	педагогтар	психологтар				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13

11-нысан (ай сайын). Кәметке толмаған бағалар арасында суицидтің алдын алу мәселелері бойынша оқудан (60 сағат) өткен мамандардың саны бойынша ЖБ есебі (келесі айдың алтыншы күнінен кешіктірілмей беріледі)

Өңір Жыл Ай	Кәметке толмаған бағаларға медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының саны					Мамандардың жалпы саны			Оқытылған мамандар саны			Оқыту ұйымы	Оқыту қажет			Ескертпе
	калада	ауылда	психиатрлар	ЖІПД	психологтар	ЖІПД	психологтар	психиатрлар	ЖІПД	психологтар	психиатрлар		ЖІПД	психологтар		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13				

12-нысан (ай сайын). Суицидтің сыртқы белгілерін зерттеу және эмоционалдык қолдау көрсету мәселелері бойынша оқудан (3 сағат) өткен мамандардың саны бойынша ЖБ есебі (келесі айдың алтыншы күнінен кешіктірілмей беріледі)

